

Transcribus - мәтінді тануға, құрылымын (бет, жол, баған) анықтауға және тарихи құжаттарды, қолжазбаларды және басылмаған ескерткіштерді транскрипциялауға арналған әлемдік деңгейдегі платформа.

eScriptorium - осындай OCR/HWR (баспа + қолжазба) платформаларының арасындағы ашық бастапқы код, пайдаланушыларға сканерленген беттерді импорттау және автоматты немесе қолмен сегменттеу, тану, транскрипция жасау мүмкіндігін береді.

Екі жүйе де негізінен «баспа + қолжазба + араб/ислам жазуын» қолдай алады - бұл XIX-XX ғасырлардағы парсы/араб графикасындағы қазақ мұрағаттары үшін маңызды. Технологияларды мұра сақтаумен шектемей, оларды оқу құралына айналдыру арқылы Қазақстан тарихын оқыту заман талабына сай болады. Бұл жаңаша ойлайтын, сыни оймен шешім қабылдайтын және цифрлық дүниеде өзін еркін сезінетін ұрпақ тәрбиелеуге көмектеседі.

Қорытындылай келе, еліміздегі тарих білімінде жасанды интеллект негізіндегі деректерді талдау технологияларын пайдалану тарихи білім сапасын жақсарту үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Жасанды интеллект тарихи материалдарды көп мөлшерде салыстыруға, деректердің дәлдігін тексеруге, жалған немесе бұрмаланған ақпаратты анықтауға мүмкіндік береді және оқушыларға тарихи тұжырымдамаларды дамытуға көмектеседі. Мұндай технологиялар мұғалімдердің жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, сонымен қатар оқушылардың өзіндік зерттеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Дегенмен, жасанды интеллектті тиімді пайдалану сенімді цифрлық инфрақұрылымды, жоғары сапалы дерекқорларды, этикалық стандарттарды сақтауды және мұғалімдер арасында цифрлық құзыреттілікті қажет етеді. Алгоритмдердегі қателіктер, дереккөздердегі шектеулер немесе бұрмалаулар тарихи материалдарды бұрмалау қаупін тудыруы мүмкін, сондықтан мұғалімдердің сыни басшылығы өте маңызды. Жалпы алғанда, жасанды интеллект Қазақстанда тарихты оқытудың инновациялық әдістерін дамыту, тарихи деректерді талдаудың дәлдігін арттыру және оқушылардың зерттеу дағдыларын нығайту үшін үлкен әлеуетке ие. Бұл мүмкіндіктерді толық жүзеге асыру білім беру жүйесіндегі цифрлық құзыреттілік деңгейіне және мұғалімдердің жасанды интеллект технологияларын саналы және жауапкершілікпен пайдалануына байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. - [Электрондық ресурс]. - Қолжетімділік режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248>
2. М. Серік, Н. Карилхан, Д.А. Казимова, Д. Народхан. Жасанды интеллект және нейрондық желі технологияларының жоғары оқу орындарының білім беру жүйесінде қолдану мүмкіндіктері. // Вестник Карагандинского университета. Серия «Педагогика». 2025, 30, 3(119)
3. Баймұхамедов М.Ф., Баймұхамедова А.М., Боранбаев С.Н. Жасанды интеллект: қазіргі заманғы теория және тәжірибе / Artificial Intelligence: Modern Theory and Practice: оқу құралы / М.Ф.Баймұхамедов, А.М.Баймұхамедова, С.Н.Боранбаев, 1 бөлім - Алматы: «Бастау», 2020. - 248 бет.
4. Rajmiv Sardor, The effectiveness of using artificial intelligence in history lessons. // American Academic publishers, volume 05, issue 10, 2025. - 2250-2254 p.
5. ҚР Президентінің архиві. - [Электрондық ресурс]. - Қолжетімділік режимі: <https://www.archive.president.kz/news/prezident-arkhivinde-29-million-a-zhuy-zhat-para-y-tsifrly-format-a-k-shirildi/>
6. Архивті цифрландыру - уақыт талабы. - [Электрондық ресурс]. - Қолжетімділік режимі: <https://www.ar.egemen.kz/article/389606-arkhivti-tsifrlandyru-%E2%80%93-uaqyt-talaby>

ҚАЗАҚ ЭТНОГРАФИЯСЫНДАҒЫ ОТБАСЫ МЕН НЕКЕНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Асқарова Л.М.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Исаева А.И.
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
askarovalunara5@mail.ru
Алматы қ.

Қазақ этнографиясы, оның ішінде отбасы құрылымы мен неке институты, қазақ қоғамының әлеуметтік-мәдени өмірінің маңызды аспектілерін қамтиды. Бұл тақырыптың зерттелуі қазақ

халқының дәстүрлерін, тұрмыс-салтын, қоғамдық құрылымын терең түсінуге мүмкіндік береді. Мәселен, Халел Арғынбаевтың еңбектері қазақ этнографиясына үлкен үлес қосқан ғылыми бағыт ретінде қарастырылады. Оның зерттеулері қазақтың отбасы жүйесінің ерекшеліктерін, неке мен ер-әйелдің әлеуметтік орнының мәнін ашып көрсетеді. Халел Арғынбаев қазақтың дәстүрлі қоғамын зерделей отырып, осы институттардың қазақ халқының дүниетанымында, рухани өмірінде, әлеуметтік қатынастарда ерекше рөл атқарғанын көрсетеді.

Қазақ қоғамында отбасы институты маңызды әлеуметтік құрылым болып табылады. Отбасы тек туыстық қатынастарды реттеуші ғана емес, сонымен бірге экономикалық, моральдық және мәдени құндылықтарды сақтау мен жеткізу функциясын да атқарады. Ер мен әйелдің арасындағы қатынастар, олардың бір-біріне деген әлеуметтік рөлі мен міндеттері қоғамдағы патриархалдық құрылымның айқын көрінісі болып табылады. Арғынбаевтың зерттеулерінде отбасының әртүрлі түрлері, олардағы әлеуметтік рөлдер, отбасы мүшелерінің арасындағы міндеттер мен жауапкершіліктер жан-жақты қарастырылады [1].

Көрнекті ғалым Х.Арғынбаев қазақ отбасының құрылымы мен оның әлеуметтік рөлін талдай отырып, бірқатар ерекшеліктерге тоқталады. Қазақ қоғамында отбасы мүшелерінің әрқайсысы өз міндетін нақты атқарған, әсіресе ер адам мен әйелдің рөлі маңызды болды. Ер адам отбасының асыраушысы, қорғаушысы болып саналды, ал әйел - үй шаруашылығын жүргізуші, баланы тәрбиелеуші, отбасының моральдық тірегі ретінде қабылданды. Бұл рөлдер дәстүрлі қазақ қоғамында терең орныққан, олардың әрқайсысына қатысты міндеттер мен жауапкершіліктердің нақты шекаралары болған. Алайда уақыт өткен сайын бұл қатынастар өзгеріп, қоғамның әлеуметтік құрылымы жаңарған сайын отбасы рөлдері де трансформацияға ұшырады.

Неке мен ер-әйелдің әлеуметтік орнына байланысты зерттеулер Халел Арғынбаевтың этнографиялық көзқарастарында маңызды орын алады. Ғалым Х.Арғынбаев қазақ халқының неке институтын, оның дамуын, бірлестіктің әлеуметтік және мәдени ерекшеліктерін терең зерттеді. Қазақтың дәстүрлі неке түрлері, соның ішінде қалыңмал, әменгерлік, көп әйел алу сияқты ерекшеліктер, қоғамдағы әдет-ғұрыптарға, құндылықтарға, адамның мінез-құлқы мен іс-әрекетіне тікелей әсер етті [2].

Жалпы, қазақ этнографиясындағы отбасы құрылымы мен неке институтын зерттеу қазақ халқының тарихы мен мәдениетін, әлеуметтік қарым-қатынастарын түсінудің маңызды кілті болып табылады. Халел Арғынбаевтың еңбектері осы мәселелерді терең зерттеп, қазақ халқының дәстүрлі отбасы жүйесі мен оның өзгерістеріне ғылыми негізде талдау жасауға мүмкіндік береді. Бұл зерттеудің мақсаттары қазақ отбасының дәстүрлі құрылымын, неке институтының ерекшеліктерін және ер мен әйелдің әлеуметтік рөлін жан-жақты қарастыру болып табылады.

Қазақ этнографиясындағы отбасы құрылымы мен неке институтын зерттеу әртүрлі ғылыми әдістерді қолдануды талап етеді. Әсіресе, Халел Арғынбаевтың еңбектері мен басқа да этнографтар мен социологтардың зерттеулері қазақ халқының мәдениетін, әлеуметтік құрылымын терең зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл зерттеулерді жүргізу барысында бірнеше негізгі әдіс-тәсілдер кеңінен қолданылады: салыстырмалы әдіс, контент-анализ, тарихи әдіс, және мәдениеттанулық талдау. Әрбір әдіс өзінің ерекшеліктеріне қарай отбасы құрылымы мен неке институтын тереңірек түсінуге ықпал етеді.

Халел Арғынбаев қазақ этнографиясының негізін қалаушы ғалымдардың бірі болып табылады. Оның зерттеулері қазақ қоғамындағы отбасы құрылымының ерекшеліктерін, неке институтының мәнін және ер мен әйелдің әлеуметтік орнын терең зерттейді. Арғынбаевтың еңбектерінде қазақ отбасының әлеуметтік-экономикалық қызметтері, туыстық байланыстар жүйесі, патриархалдық қатынастардың көрінісі және некенің қоғамдағы реттеуші рөлі жан-жақты қарастырылады. Қазақ қоғамында отбасы институты маңызды әлеуметтік құрылым болып саналған, ол тек туыстық қатынастарды реттеуші ғана емес, сонымен қатар экономикалық, моральдық және мәдени құндылықтарды сақтау мен жеткізу функциясын да атқарған. Ер адам мен әйелдің арасындағы қатынастар, олардың бір-біріне деген әлеуметтік рөлі мен міндеттері қоғамдағы патриархалдық құрылымның айқын көрінісі болып табылады. Этнограф Х.Арғынбаевтың зерттеулерінде отбасының әртүрлі түрлері, олардағы әлеуметтік рөлдер, отбасы мүшелерінің арасындағы міндеттер мен жауапкершіліктер жан-жақты қарастырылады. Оның еңбектері қазақ халқының дәстүрлі отбасы жүйесі мен оның өзгерістерін ғылыми негізде талдауға мүмкіндік береді.

Қалыш Аманжол, Халел Арғынбаевтың шәкірті, қазіргі қазақ қоғамындағы отбасы құрылымы мен неке институтын зерттеуде ерекше орын алады. Қалыш Аманжол өзінің еңбектерінде дәстүр мен қазіргі қоғам арасындағы өзгерістерді, әлеуметтік құрылымның трансформациясын қарастырады. Ол қазіргі отбасы мен неке институтындағы жаңа үрдістерді, оның ішінде гендерлік теңдікті, әйелдер мен ерлердің рөлдерінің өзгеруін талдайды. Қалыш Аманжолдың зерттеулері қазақ қоғамының қазіргі әлеуметтік құрылымындағы өзгерістерді, соның ішінде отбасы құрылымындағы жаңа көзқарастарды, әйелдердің қоғамдағы рөлінің артуын, білім алу және еңбек ету салаларындағы қатысуларын зерттеуге бағытталған. Оның еңбектерінде отбасының әлеуметтік қызметтері мен оның құрылымы кеңінен қарастырылған. Сонымен қатар, Аманжол қазіргі заманғы қазақ қоғамының өзекті мәселелерін, әсіресе отбасы мен неке арасындағы қатынастардың өзгеруін талдайды.

Әрбір адамның жүрегінде өз елі мен ұлтына деген махаббат пен патриотизм бар. Қалыш Аманжоловтың сөзі: «Қай елде жүрсем де, қазақ екенімді ұмытқан емеспін» - менің патриоттық сезімді оятты. Бұл сөз мен үшін ерекше мәнге ие болып, өз халқыма деген құрмет пен мақтаныш сезімін арттырды. Ұлттың рухы мен тарихын ұмытпау, қай жерде болсақ та, өзіміздің тамырымызға адал болу - нағыз патриоттықтың көрінісі.

Халел Арғынбаевтың зерттеулері дәстүрлі отбасы мен неке институтының негізін қаласа, Қалыш Аманжол қазіргі қоғамдағы отбасы құрылымының жаңа бағыттарын көрсетеді. Көрнекті ғалым Халел Арғынбаев қазақ отбасының дәстүрлі құрылымында ер мен әйелдің рөлдерін айқын бөлген болса, Қалыш Аманжол гендерлік теңдік пен отбасы мүшелерінің рөлдерінің өзара өзгеруін талдайды. Ол дәстүрлі патриархалды құрылым мен қазіргі заманның демократиялық үрдістерін салыстырып, қазақ қоғамының отбасы институтындағы жаңа өзгерістерді көрсетеді. Ғалым Қалыш Аманжол қазіргі отбасы мен неке институтының әлеуметтік-мәдени контексте қалай бейімделгенін қарастырады [4].

Қазіргі кезеңде қазақ отбасы құрылымы мен неке институтында айтарлықтай өзгерістер орын алды. Халел Арғынбаев дәстүрлі отбасы құрылымының негізін салса, Қалыш Аманжол осы өзгерістерді зерттей отырып, отбасының қазіргі жағдайы мен оның әлеуметтік рөлін жаңа тұрғыдан қарастырады. Ғалым Халел Арғынбаевтың еңбектерінде отбасы мүшелерінің рөлі патриархалдық құрылымға негізделсе, Қалыш Аманжол қазіргі отбасы құрылымының жаңашылдығын, әйелдер мен ерлердің тең құқықтары мен мүмкіндіктерін зерттейді. Осылайша, екеуінің еңбектері арасында дәстүр мен қазіргі қоғам арасындағы өзара байланысты түсінуге мүмкіндік беретін терең зерттеу бар.

Ғалым Рахманқұл Бердібай қазақтың отбасылық дәстүрлері мен неке қатынастарының өзгешеліктерін зерттей отырып, қазақ халқының тарихи даму кезеңдерінде неке институтының қоғам өмірінде алатын орнын нақты сипаттаған. Ол неке мен отбасындағы патриархалдық қатынастарды, сондай-ақ әйел мен ер арасындағы теңсіздікті талқылаған. Бердібайдың айтуынша, қазақ қоғамында әйел адамның рөлі әлеуметтік тұрғыда әлдеқайда төмен болды, алайда бұл жағдай өз кезегінде әйелдердің отбасы ішіндегі үлкен моральдық күшке ие болуына себепші болды.

Қазақтың дәстүрлі қоғамындағы отбасы мен неке институттарын зерттеген тағы бір ғалым, социолог, Қаршыға Ахметовтың зерттеулерінде отбасының әлеуметтік қызметтері мен құрылымы терең қарастырылған. Оның пікірінше, отбасы қоғамның негізі ғана емес, сондай-ақ ұлттық мәдениетті сақтаушы да болып табылады. Мысалы, ғалым Қ.Ахметов қазақ отбасының құрылымындағы әлеуметтік теңсіздіктер мен еңбек бөлінісін зерттей отырып, ер мен әйел арасындағы қарым-қатынастардың қалай қалыптасқанын көрсетеді. Ол отбасы мүшелерінің әрқайсысының рөлі мен жауапкершілігін айқындап, еркектер мен әйелдердің қоғамдық өмірде және отбасы ішінде әртүрлі міндеттер атқарғанын баяндайды.

Қаршыға Ахметовтің зерттеулерінде отбасы ішіндегі моральдық және рухани құндылықтар ерекше орын алады. Ол отбасының әлеуметтік қызметтерінің ішінде тәрбиелеу, ұрпақ жалғастыру және ұлттық құндылықтарды сақтау сияқты маңызды аспектілерді атап көрсетеді. Ғалым Қ.Ахметов қазіргі қазақ отбасының өзгеру үрдістерін зерттеп, оның ішкі құрылымында пайда болған жаңа тенденцияларды, сондай-ақ гендерлік теңдіктің артуымен байланысты әлеуметтік өзгерістерді талдайды. Тағы бір ғалым, Бейсембай Кенжебаев қазақ отбасының құрылымын оның әлеуметтік функцияларына сәйкес қарастырады. Ол отбасы институтының тек экономикалық емес, сонымен қатар рухани және мәдени маңызын атап көрсетеді. Бейсембай Кенжебаевтың пікірінше, отбасы құрылымы мен неке институтының әлеуметтік рөлі көп жағдайда ұлттық мәдениетке және дәстүрлерге байланысты.

1-кесте

Зерттеу әдісі	Түсініктеме	Қолданылатын авторлар
Салыстырмалы әдіс	Бұл әдіс қазақ отбасы құрылымы мен неке институтын басқа халықтармен салыстыру арқылы ұқсастықтар мен ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік береді.	Мақаш Шаханов - қазақ отбасының әлеуметтік рөлдерін басқа ұлттардың отбасы құрылымдарымен салыстыру.
Контент-анализ	Ғылыми мәтіндер мен халықтық деректерді зерттеу арқылы отбасы мен неке институтының қоғамдағы көрсетілуін талдау.	Халел Арғынбаев - халық ауыз әдебиетінде, әдет-ғұрыптарда отбасы мен неке институтының бейнеленуін зерттеу.
Тарихи әдіс	Қазақ қоғамындағы отбасы құрылымы мен неке институтының тарихи дамуын зерттеу.	Халел Арғынбаев - қазақ қоғамындағы патриархалдық құрылым мен неке институтының дамуын тарихи контексте қарастыру.
Мәдениеттанулық талдау	Қазақ халқының отбасы құрылымын оның мәдени және этикалық құндылықтары, дүниетанымы тұрғысынан зерттеу.	Қаршыға Ахметов - отбасы құрылымын ұлттық мәдениет, дәстүрлер, рухани құндылықтар тұрғысынан зерттеу.
Құжаттамалық әдіс	Әлеуметтік құжаттар мен тарихи деректерді жинап, отбасы мен неке институтын зерттеу.	Рахманкүл Бердібай - қазақ халқының дәстүрлі отбасы құрылымына қатысты тарихи құжаттарды зерттеу.
Эмпирикалық әдіс	Отбасылық өмірдің нақты жағдайларын зерттеу, қалыңмал, әменгерлік, бала тәрбиелеу сияқты мәселелерді нақты мысалдар арқылы талдау.	Бейсембай Кенжебаев - отбасы құрылымының әлеуметтік қызметтерін нақты жағдайларда талдау.

Қазақ этнографиясындағы отбасы құрылымы мен неке институтын зерттеу әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдануды қажет етеді. Әрбір әдіс өз кезегінде отбасы мүшелерінің әлеуметтік рөлі мен неке қатынастарын терең түсінуге мүмкіндік береді. Халел Арғынбаевтың еңбектері мен басқа авторлардың пікірлері арқылы қазақ қоғамындағы отбасы мен неке институтының даму жолдарын, ер мен әйелдің әлеуметтік рөлін, олардың қоғамдағы орнын жақсырақ түсінуге болады.

Қазақ этнографиясындағы отбасы құрылымы мен неке институтын зерттеу барысында маңызды нәтижелерге қол жеткізіледі. Халел Арғынбаевтың еңбектері қазақ халқының әлеуметтік құрылымының ерекшеліктерін, оның ішінде отбасы мен неке институтының дамуын терең түсінуге мүмкіндік береді. Қазақ қоғамындағы отбасы құрылымы әдетте патриархалдық жүйеге негізделген, бұл жүйе ер мен әйелдің әлеуметтік рөлдерін айқын бөліп көрсетеді. Халел Арғынбаевтың зерттеулерінде отбасы мүшелерінің арасындағы міндеттер мен рөлдер, сондай-ақ ер адамның отбасындағы басшылық рөлі анық көрсетілген. Бұл рөлдер әйелдердің қоғамдық және әлеуметтік қатынастарға аз араласуымен сипатталады [5].

Отбасы құрылымында ер мен әйелдің әлеуметтік рөлі тарих бойы маңызды орын алып келеді. Қазақ қоғамында ер адам отбасының асыраушысы, қорғаушысы болып саналған. Оның әлеуметтік рөлі тек отбасын қаржылай қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар отбасының моральдық және физикалық қауіпсіздігін сақтау міндеттерін де қамтыған. Ер адам үшін бұл рөл ұрпақтың тәрбиесіне, отбасындағы үйлесімділікке және қоғамдағы беделіне жауапкершілікпен қарауды талап еткен. Ал әйел адам үй шаруашылығын жүргізуші, баланы тәрбиелеуші рөлінде болды. Ол отбасындағы ішкі ахуалды сақтап, қоғамның моральдық құндылықтарын ұрпақтан ұрпаққа жеткізу міндетін атқарды. Бұл рөлдер тек отбасы шеңберінде ғана емес, бүкіл қоғамда үлкен мәнге ие болды, өйткені әрбір отбасы өз кезегінде қоғамның негізгі элементі болып табылады.

Қазақ қоғамында ер мен әйел арасындағы рөлдердің бөлінуі дәстүрлі патриархалдық жүйе мен әлеуметтік нормалармен байланысты болды. Еркектер отбасының сыртқы мәселелеріне, оның әлеуметтік қатынастарын реттеуге жауапты болса, әйелдер ішкі әлемді ұйымдастырып, отбасылық дәстүрлер мен құндылықтарды сақтаушы болып саналады. Бұл жүйе ұзақ уақыт бойы сақталып, ғасырлар бойы қазақ қоғамындағы отбасы құрылымының негізін құраған. Дегенмен, бұл

катынастардың теңсіздігі айқын болғанымен, әйелдердің өз рөлдерін орындаудағы жауапкершілігі мен моралдық күш-қуаты көп жағдайда жоғары бағаланған. Әйелдердің отбасы мүшелеріне көрсететін қамқорлығы мен тәрбиелік ықпалы, олардың қоғамдағы және отбасы ішіндегі әлеуметтік мәртебесін анықтады.

Қазіргі кезеңде қазақ қоғамында отбасы құрылымы мен неке институтында айтарлықтай өзгерістер орын алды. Әлеуметтік, экономикалық және мәдени өзгерістер әйелдер мен ерлердің рөлдерін қайта қарауға және жаңадан қалыптастыруға алып келді. Ғалым Халел Арғынбаевтың зерттеулерінде көрсетілгендей, әйелдердің әлеуметтік рөлі артып, олардың қоғамдық өмірге белсене қатысуы басталды. Әйелдердің кәсіби өмірге араласуы, олардың білім алуы және жеке құқықтарының кеңеюі отбасы құрылымында жаңа өзгерістер туғызды. Бұл өзгерістер әйелдердің отбасы ішіндегі рөлін ғана емес, қоғамдағы рөлін де айтарлықтай өзгертті. Қазіргі таңда әйелдер ерлермен тең дәрежеде білім алып, жұмыс істеп, қоғамдық өмірдің барлық саласында белсенді түрде қатысады [6].

Жалпы, гендерлік теңдік мәселесі қазіргі қазақ қоғамында маңызды болып табылады. Әлеуметтік құрылым мен әйелдердің құқығын қорғау бағытында жасалған реформалар отбасы мен неке институтының жаңаруына әкелді. Әйелдердің қоғамдық және жеке құқықтарының қорғалуы, олардың әлеуметтік өмірде тең дәрежеде қатысуы отбасы құрылымында да өзгерістерге әсер етті.

Өз ойымды қорыта айтатын болсам, Қазақ этнографиясындағы отбасы құрылымы мен неке институты - қазақ қоғамының маңызды әлеуметтік құрылымдарының бірі болып табылады. Бұл институттардың әлеуметтік рөлі мен маңызы Халел Арғынбаевтың зерттеулерінде терең талданған. Оның еңбектері қазақ қоғамындағы отбасы мен неке қатынастарын, ер мен әйелдің рөлдерін, олардың арасындағы әлеуметтік теңсіздікті түсінуде маңызды теориялық негіз қалдырды. Көрнекті ғалым Х.Арғынбаев қазақ қоғамындағы отбасы құрылымының патриархалдық сипатта қалыптасқанын, ер мен әйел арасындағы рөлдердің айқын бөлінгенін атап көрсеткен. Ерлер отбасының асыраушысы әрі қорғаушысы болып саналды, ал әйелдер үй шаруашылығын жүргізуші, балаларды тәрбиелеуші рөлін атқарды.

Қазақ қоғамындағы отбасы мен неке институты дәстүрлі құндылықтарға негізделген және әлеуметтік құрылымның тұрақтылығын қамтамасыз ететін механизм болды. Қалыңмал, әмеңгерлік, көп әйел алу сияқты дәстүрлердің болуы да осы құндылықтардың сақталуына әсер етті. Бұл ерекшеліктер қазақ қоғамының әлеуметтік қатынастарын реттеу тәсілдерін айқындады. Бірақ уақыт өте келе әлеуметтік құрылымдағы өзгерістер, әйелдердің қоғамдық өмірге белсенді қатысуы, гендерлік теңдіктің артуы отбасы құрылымы мен неке институтын жаңа әлеуметтік жағдайларға бейімдеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Арғынбаев Х. Қазақтың отбасылық дәстүрлері. - Алматы «Қайнар» баспасы, 2005. - 216 б.
2. Арғынбаев Х. Қазақ халқының этнографиясы. - Алматы: Ғылым, 1993. - 256 б.
3. Бердібай Р. Қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихы. - Алматы: Жазушы, 1997. - 384 б.
4. Қалыш А. Семья и брак в современном Казахстане. - Алматы: Арыс, 2013. - 472 с.
5. Шаханов М. Қазақ отбасының әлеуметтік құрылымы. - Алматы: Дәуір, 2000. - 210 б.
6. Ахметов Қ. Қазақ этнографиясының әзекті мәселелері. - Алматы: Қазақ университеті, 2005. -

129 б.

КІШІ ЖҮЗ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІНДЕГІ ИСЛАМ: XVIII-XIX ҒАСЫРЛАР ЭТНОГРАФТАРЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТАРИХИ- ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Ахмедова А.М.

Ғылыми жетекшісі: Phd., аға оқытушы Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық Университеті

aruzhann1@bk.ru

Астана қ.

Қазақ даласындағы исламның ерекшеліктерін зерттеуде тарихнамасында қазақ халқының діни санасы бойынша синкреттік және көпқұрылымды сипатқа ие болған деген секілді пікірлер қазақ тарихында кең белең алған. Этнограф А.Т. Төлеубаев қарастырылып отырған кезеңде «халықтың діни санасы синкреттік, көпқұрылымды сипатқа ие болды» деп есептейді [1, 6 б.]. Дәл осындай көзқараспен Г.М. Раздықовада бөліседі. Г.М.Раздықова рухани негіздердің өзара ықпалдастығы туралы былай деп